

# Кітапхана жастармен бірге

**Елбасыныздың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында «Қазақстан - күллі түркі халықта-рының қасиетті «Қара шаңырағы» - дөлінген. Осы киелі қара шаңырақта сакталған құн-дылығымызды қадірлеп, оны қазіргі талаптарға сай жаңғыртып, келер үрпаққа жеткізу үтгінгі құннің маңызды моселесі болып табылады.**

Елбасының сарабдал саясатын насиҳаттауға кітапхана қызметкерлерінің қосатын үлесі зор. Соның бір жуықта Облыстық №2 амбебап ғылыми кітапханасында әдістеме- библиография болімінің үйімдастыруымен заманауи кітапхана жұмысын жүйелеп, іс-тәжірибе алмасып, кәсіби байланыстар мен ынтымақтастықты нығайту мақсатында «Жастар тогызы кітапхана кеңістігіндегі» атты аймақтық зерделі кеңес еткізілді.

Шарага Аманкелді, Жанкелдин аудандары мен Арқалық қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесі және қаламыздаты Жастар ресурстық орталығы мамандары, окуорындары кітапханаларының директорлары мен кітапхана қызметкерлері қатысты.

Зерделі кеңес Арқалық қаласы акимдігі ішкі саясат болімінің басшысы Мансия Ерімкызының 21 мамыр - Мадениет және онер қызметкерлері күніне орай берілген КР Ұлттық кітапхана-

ның марапаттарын табыстау расімімен басталды.

Кітапхана саласында көп жыл енбек етіп жүрген кітапхана директоры Қазына Байсабекқызы «Кітапхана ісінің үздігі» және Жаңақала ауылының кітапханашы Айткул Эмірхамзакызы «Кітапхана ісінің ардагері» төс белгісімен, Жанкелдин ОҚЖ кітапханашысы Венера Чапайқызы мен Қайынды ауылының кітапханашы Гулайым Оразқызы «Күрмет грамотасымен», Облыстық № 2 амбебап ғылыми кітапханасының адебиеттердің ондау және толықтыру секторының менгерушісі Зөл Түнкүзы және Жанкелдин ОҚЖ библиографы Майра Бағдакызы «Алғыс хатпен» марапатталды.

Кеңесте жас кітапханашылар баяндама жасау арқылы озіндік іс-тәжірибелерімен белісті. Арқалық жастар ресурстық орталығының басшысы Амангелді Ахметжанов «Жастар жылы - жаңа мүмкіндіктер кезеңі», Арқалық қаласы жастарының Алтын кітабына «Жастар кешбасшысы» номинациясы бойынша енген Арқалық жастар ресурстық орталығының маманы Дүйсен Кузанышбекұлы «Болашақ - үміт, жастарға сенім», №2 ОӘРК балалар болімінің кітапханашысы Марал Эскербайқызы «Ақпараттық іргамдаты кітапхана - шектеулі мүмкіндікке шекарасыз қызымет түрі», Аманкелді ОҚЖ-ның балалар болімінің кітапханашысы Таңшолпан Оразбекқызы «Бүтінгі кітапхананың жастармен байланысы», Жанкелдин ОҚЖ-ның сұрыптау болімінің кітапханашысы Дирад Даулетқызы «Фркениетті елдің ер-

теңі», Арқалық ОҚЖ балалар болімінің кітапханашысы Қырмызы Шаттықызы «Қазіргі заман жастарын тәрбиелеуде кітапхананың ролі», №2 ОӘРК абонемент болімінің кітапханашысы Сымбат Мұратқызы «Кітапхана - жалынды жастар орталығы», Арқалық қаласы жастарының Алтын кітабына «Жас галым» номинациясы бойынша енген Арқалық көпсалалы колледжінің студенті Ерасыл Мейрамханұлы «Болашақ білімді жастар қолында» такырыбында баяндамалар оқыды. Одан кейін «Кітапхананың болашағы жастарда» атты деңгелек устел үйімдастырылып, кітапханашылар кәсіби шеберліктерін ортага салып, белгінімен белісіп, озара ашық әнгіме болды.

Зерделі кеңестің 2 -ші болімінде кеңеске қатысушылар Арқалық қаласындағы «Облыстық Дала олкесі тарихы» мәржайына және Арқалық орталықтандырылған кітапханасына саяхат жасап, атапған кітапхананың оку заңы болімінің кітапханашысы Жанагул Серіккызының «Ұлт көлбеті - жалынды жастар» такырыбында үйімдастырылған кітап көрмесінің ашилу салтанатының күасі болды. Кеңеске қатысушылар осы тағылымы мол іс-шарадан алған зертлерімен белісіп, ризашылықтарын білдірді. Кітапханамызда осындағы мадени іс-шаралар алда да оз жалғасын таппак.

**Әсем ҚАБДУАЛИҚЫЗЫ,**  
№ 2 ОӘРК  
Әдістеме-библиография  
болімінің менгерушісі.

